

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 5 – 16

OUR RELICS FROM MOROCCO AND SPAIN

A. B. Derbisali

MES RK CS R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** medieval cities of Kazakhstan, thinkers of medieval Kazakhstan, historical sources.

**Abstract.** The author shows a result of the business trip in Morocco in this article. The Kazakh lands were rich with spiritual, cultural, written and material heritage. In the Middle Ages on our territories, particularly, in the south the strengthened fortresses, in the form of the big and small cities, as Balasagun, Taraz, Shelzhi, Zhikil, to Isfidzhab-al-Bayda-Sayram, Mankent, Otyrar, Sutkent, Turkistan, Baladzh, Sauran, Sygnak, Kypshak, Arkok, Asanas, Zhend were built.

They carried out cultural and scientific activity of the center. Here so many thinkers, unique persons, wise men and scientists, who left the valuable compositions, lived. However, unfortunately, within centuries and the millennia, during the different periods of history valuable historical sources were lost. In this regard, the author revealed and brought some of the above-named written sources and works of medieval thinkers of Kazakhstan.

УДК 339.52/92(54)

МАРОККО МЕН ИСПАНИЯДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛІКТЕРІМІЗ

Әбсаттар қажы Дербісәлі

ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** Қазақстанның орта ғасырдың қалалары, орта ғасырдың Қазақстанның ойшылы, тарихи бастаулар.

**Аннотация.** Автор Мароккодағы Иссапардың нәтижесін көрсетеді. Қазақ жері рухани, мәдени жазба және материалдық мұраларға бай болған. Орта ғасырларда еліміздің әсіресе оңтүстігінде Баласағұн, Тараз, Шелжі, Жікіл, Исфиджаб-әл-Байда-Сайрам, Манкент, Отырар, Сүткент, Түркістан, Баладж, Сауран, Сығнақ, Қыпшақ, Аркөк, Асанас, Женд секілді үлкенді-кішілі шаһарлары, қорғандар мен қамалдары болды. Олар қадери халінше мәдени, ғылыми орталық қызметін де атқарды. Онда талай ойшылдар, кемеңгерлер, даналар, ғылымдар тұрып, құнды шығармалар туындатты. Өкінішке орай түрлі жылдар мен ғасырлар, кезеңдерде ол дүниелер жан-жаққа шашырап кетті немесе жоғалды. Автор тауып әкелген, көрсеткен жазба дүниелер солардың қаламынан туған, солардан қалған немесе солар жайлы жазылған еңбектер.

2013 жылдың жазында Астанада Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттілігінің тарихи-мәдени дамуын тиянақты зерделеу, тамыры мыңдаған жылдарға кеткен тарихи мұраларымызды түйсіну, ХХІ ғасыр талаптары жағдайындағы тарих ғылымы мен білімін реформалау жолдарын айқындау мақсатында ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі Жалпыұлттық кеңес өтті. Одан соң Мемлекет тарихы институтында Жалпыұлттық кеңесі аясында «Қазақстанның тарих

ғылымы мен білімін реформалау: жолдары, мәселелері, даму бағыттары» атты ашық сұхбат алаңы ұйымдастырылды. Аталған шараға мемлекеттік билік өкілдері: ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР БҒМ, ҚР МАМ, қоғамдық институттардан: Қазақстан халқы Ассамблеясы, қоғамдық қорлар мен ұйым өкілдері, Республиканың жетекші тарихшы-ғалымдары, ғылыми-педагогикалық сала мамандары қатысты.

Онда еліміздің толымды да шынайы тарихын жазу мәселесі көтеріліп, осы сала мамандарына нақты тапсырмалар берілді. Осы алқалы жиында біз де өз ойларымызбен бөлістік. Соңыра бір топ ғалымдарымызды қажетті материалдар жинау үшін Үндістан, Моңғолия, Қытай, Иран, Араб елдеріне жібердік. Мен өзім сол жылы Түркияда болып отыз мың беттен астам қолжазбалар алып қайттым. Ал 2014 жылы сапарым енді Марокко мен Испанияға жоспарланды.

Сонымен 2014 жылдың 1-11 қыркүйегі аралығында Солтүстік Африканың Марокко Корольдігіндегі әл-Қарауин университеті мен ел астанасы Рабат және Касабланка қалаларының қолжазба қорлары мен кітапханаларында жұмыс істедім. Әуелі Рабаттағы Мәдениет министрлігінде, оның бас хатшысы Лүтфи әл-Марини мырзаның қабылдауында болып, іссапардың мақсаты жайын баяндадым. Ол жылы қарсы алып, көлік бөліп, жолбашылыққа осы саланың бір маманын қосып берді.

Рабаттағы Ұлттық кітапханада Орта Азия мен Қазақстанның тарихы мен руханияты, мәдениетіне қатысты қолжазбалар және өзге де еңбектермен таныстым. Олардан керекті мәліметтерді жазып алған соң, кітап болып басылғандарын іздеп, табылғандарын мүмкіндігінше сатып алуға да тырыстым.

Сонан соң ежелгі Фес қаласына зиярат еттім. Оның іргетасын ертеректе Марокко сұлтандарының бірі Маулай Идрис (ІХғ.) қалаған. Ол қазір Африкадағы көрнекті тарихи, мәдени, ғылыми шаһарлардың бірі. Онда бір миллионнан астам халық тұрады. 800-ден астам мешіттері, сондай-ақ ІХ ғасырда ашылған университет бар. Ал бас мешіті әл-Қарауинде бір мезгілде 20 мыңнан астам ғибадат жасай алады. Сөйтіп ол ұзақ ғасырлардан бері мешіт қана емес, университет және үлкен кітапхана да қызметін атқарумен келеді.

Иә, Фес Солтүстік Африканың батысындағы ислам мәдениеті мен ғылым, білімінің ірі орталығы. Қала араб дүниесіндегі ежелгі тарихи, мәдени шаһар болғандықтан ЮНЕСКО-ның тізіміне кіргізілген.

Әл-Қарауин 859 жылы Тунистен Мароккоға қоныс аударған ауқатты әулеттің қаражатына салынған. Уақыт өте ол Батыс Африкадағы рухани орталықтардың біріне айналды. Марокко сұлтандарының қамқорлығының арқасында ол бірте-бірте кеңейе берді. Мұнда діни дәрістерден басқа грамматика, логика, медицина, математика, астрономия, химия, тарих, география мен медицина бойынша да пәндер оқытылатын.

Орта ғасырларда әл-Қарауин христиандық Еуропа мен мұсылман шығысы арасындағы мәдени байланыстың дамуында үлкен рөл атқарды.

Оның қабырғасынан мұсылман және әлем мәдениетіне ықпал еткен бірқатар аса көрнекті философтар мен дінтанушы ғалымдар шыққан.

Әл-Қарауин мен барған күннің ертеңіне реставрацияға жабылып жатыр екен. Дей тұрғанмен Мәдениет министрлігінің нұсқауымен демалысқа кеткен қолжазба қорының меңгерушісі (Абд әл-Фаттах Букшүф) қызметіне оралып, қолжазбалармен таныстырды.

Әл-Қарауин кітапханасынан орта ғасырлық атақты тарихшы Әбу Зайд Абд ар-Рахман ибн Мұхаммед ибн Халдунның (1332-1406) әлемге әйгілі “Мұқаддима” атты еңбегінің қолжазбасын кездестірдім. Өзімде оның араб тіліндегі нұсқасы болғандықтан, француз тіліндегі аудармасын алдым. Ибн Халдун Ақсақ Темірдің (1336-1405) тұстасы, онымен Дамаскіде кездескен, Орта Азия тарихына еңбек арнаған ғұлама. Сондай-ақ сол жерден Марокконың ортағасырлық саяхатшысы Ибн Баттутаның “Рихла Ибн Баттута” (“Тухфат ан-нуззар фи гараиб әл-амсар уа аджаиб әл-асфар”) атты еңбегін де көрдім. Оның араб тіліндегі нұсқасын алдым.

Ибн Баттута [Әбу Абдалла Мұхаммед ибн Абдаллах әл-Лауати ат-Танджи) – 1304-1377] қазіргі қазақ жерінің Атырау облысындағы Сарайшық қаласында болып, ол жайлы мағлұмат қалдырған. Кейінірек Хорезмге де барған. Онан соң Насаф шаһарында (қазіргі Өзбекстандағы Қаршы қаласы) Отырарлық Хұсам ад-дин Отырари атты ғалыммен танысып, ол жайлы дерек қалдырған.

Әл-Қарауин қолжазба қорынан сондай-ақ философтар Ибн Туфайл, (?-1185), Ибн Рушд (1126-1198), ақын Ибн Зайдун (1003-1071) және т.б. еңбектерін және қазақ елінің ғалым перзенттері жайлы жазған Ибн Әби Йағлудың “Тарих Әби Йағлу” атты еңбегін ұшыраттым. Абд әл-Фаттах мырза оның бір нұсқасын жіберуге уәде етті.

Рабатқа оралған соң ондағы “Әл-Алфия” және “Әл-Аман” атты үлкен кітапханалар қорымен танысып, бірқатар кітаптарға қолым жетті.

Касабланка қаласында да бірнеше кітап қорларында болып, бірқатар жазба дүниелерді алдым. Нәтижеде Марокодан Қазақстанның тарихы, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты мағлұматтар бар (Әмір Катиб бин Әмір Умар Әмір Ғазы әл-Фараби әл-Итқани (Иқани) әл-Әмид, Қауам ад-дин, Әбу Ханифа (1286-1357), һибатулла ат-Тарази (1272-1333) және т.б. жайлы айтылатын) төмендегідей дүниелерді алып қайттым:

1. Тақи ад-дин бин Абд әл-Қадир ат-Тамими ад-дари әл-Ғаззи әл-Мисри әл-Ханафи. Ат-Табақат ас-санийа фи тараджим әл-ханафийа. ар-Рияд 1983, 4 том

2. Ибн Баттута. (Рихла ибн Баттута). Тухфат ан-назар фи ғараиб әл-асар уа ғаджайб әл-асфар. Бейрут 2003

3. Аш-Шейх әл-имам Әби-л Уалид Ибраһим әл-Мағруф ибн Шихна. Муғину хуккам. Бейрут [жылы көрсетілмеген].

4. Абд ар-Рахман Хусейн әл-Азауи. Ат-Табари. Ас-Сира уа-т тарих. Бағдад 1989

5. Наджм ад-дин Умар ан-Насафи. Әл-Қанд фи зикри улама Самарқанд, Тегран 1999

6. Әл-Бируни. Әл-Джамаһир фи мағрифат әл-джауаһир. Бейрут 1960

7. Әбу-л Қасым Убайдалла Хордазбех. Әл-Масалик уа-л мамалик, Брил 1889

Сонан соң (12-21 қыркүйекте) Испания Корольдігінде болдым. Осы елдегі атақты Эскуриал қаласына зиярат еттім. Ол Мадридтің батыс жағында 60 шақырым жердегі Сьерра де Гвадаррама тауының етегінде. Шаһардың негізі 1557 жылы қаланған деседі. Ондағы XVI ғасырдан бері дін және білім ордасы һәм кітапхана да қызметін атқарып келе жатқан даңқты кітапхананың бай қорымен таныстым. Ол Ватикан кітапханасынан кейінгі екінші орында екен. Мұнда әлемдегі ең көп араб қолжазбалары сақтаулы. Папа Григорий XIII Эскуриал кітапханасынан кітап ұрлаған жан діннен шығады деген. Сол себепті ондағы дүниелер жақсы сақталумен келеді.

Директоры “Қазақстан елшілігінің хатын алғанбыз. Көмектесеміз. Бізде ескі қолжазбалар өте көп. Бірақ Орта Азияға байланыстылары аздау-ау деймін. Испанияның Андалусия өлкесін 711 жылдан бастап 1492 жылға дейін арабтар биледі. Олар ғылым мен мәдениет бойынша үлкен із қалдырды. Испан елінде Кордова халифаты болған. Кордовада 830 жылдары салынған зәулім



Эскуриал кітапханасы

мешіт қазір де тұр. Севильядан да қамал, мешіт пен олардың биік мұнараларын көресіз. Гренада ше? Ол туралы ұзақ әңгімелеу керек. Осындай қалалардан көптеген Гарнати-Гранадалық, Ишбили-Севилиялық, Куртуби-Кордовалық, Тулайтили-Толедолық секілді т.б. ғалымдар шыққан. Олар қалдырған сандаған жазба мұраларды әлем ғалымдары әлі зерттеуде. Біздің қолжазба қорында Орта Азиялық ғұламалардан гөрі Мағрибтық (Тунис, Алжир, Марокко) және Андалусиялық ғалымдардың дүниелері көп. Мен араб тілі мен әдебиеті және исламтанудың маманы емеспін. Ол жайлы Қазақстандық қонақ менен жақсы білетін болар. Іске сәт. Бізден еш кедергі болмайды” деді.

Кітапхана күніге таңертеңгі сағат 10-нан 14-ке дейін, яғни күніне, тек 4-ақ сағат жұмыс істейді екен. Мен Эскуриалда болған кез Испанияның мереке күндеріне тұс келіп, бірнеше күн кітапхана жабық болды.

Эскуриалдан әуелі ислам мәдениеті мен біліміне қатысты қолжазбалар каталогын парақтап шықтым. Нәтижесінде ортағасырлардағы Қазақстан мен Орта Азияның кемеңгерлері: Әбу Насыр әл-Фараби (870-950), Әбу Йакуб Сирадж ад-дин Йусуф бин Әбу Бакр бин Мұхаммед бин Әли әл-Хорезми ас-Саккаки (1160-1299), Сағад ад-дин Масуд бин Умар ат-Тафтазани (1322-1390), Әбу-л Қасым Махмуд бин Умар бин Ахмед аз-Земахшари әл-Хорезми (1075-1144) секілді т.б. ойшылдардың еңбектерін көрдім. Мені қуантқан Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) бабамыздың теріге жазылған 10 трактатының табылуы еді.

Әбу Насырдың жинағы 612 санмен беріліпті. Қолжазбаның бастапқы беттері ескіріп сарғайған. Жыртылған тұстары да бар. Санмен басталған беттегі шығарма атауынан кейін 16 жол тіпті көрінбеуге айналыпты. Оқылуы қиын болды. Одан кейінгі беттердегі жазуларды айқынырақ деуге болады. 5-беттен әрі қарай көптеген сөздердің асты қызыл-қоңыр сиямен сызылып отырған. Оны трактаттарды көшірген хаттап сызды ма, жоқ па білмедім.

5-бет басмаламен басталған. Одан соң пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат айтылған. Одан кейін “Тағлиқ ли-Әби Бакр Мұхаммед бин Йахия бин ас-Саиғ рахимаһу Алла ала китабиһи Әби Наср бин Мұхаммед әл-Фараби радиа Аллаһу анһу фи Исағуджи” деген жолдарды оқыдым. Қолжазба 126 бет.

Сондай-ақ Эскуриал кітапханасынан Шымкент қаласының шығысындағы 12 шақырым жердегі ежелгі Исфиджаб – әл-Байда-Сайрам қаласында орта ғасырларда туылған екі ғалымның [Ала ад-дин ас-Сайрами – XIVғ.] мен Йахия бин Йусуф [Сайф ад-дин әл-Масри әл-Ханафи] ас-Сайрами – XVғ.] трактаттарының табылуын да үлкен оқиғаға балауға болады.

Ала ад-дин ас-Сайрами (Әли ибн Ахмед ибн Мұхаммед ас-Сайрами әл-Ханафи (?-1388) Орта Азиялық ортағасырлық Ас-Саккакидің “Мифтах әл-улум” атты трактатының бір бөлігіне 1342 жылы түсіндірме жазыпты. Көлемі 139 бет. Әр бет жолы 23 қатардан тұрады. Ал Йахия бин Йусуф ас-Сайрамидің (?-1429/1430 ж. қайтыс болған) дүниесі “Китаб Хашия әл-Мутаууал ли-шейх... Йахия бин Сайф ас-Сайрами” деп аталған. Сөйтіп оның Орта Азиялық кемеңгер Сағад ад-дин ат-Тафтазаниге қатысы бар.

Йахия бин Йусуф жоғырада айтылған Ала ад-дин ас-Сайрамидің інісі. Екеуі де Сайрамда туылған.

Кейбір деректерде оның аты-жөні Абд ар-Рахман ибн Йахия ибн Йусуф ибн Мұхаммед ибн Иса шейх аш-шуйих Адуд ад-дин ибн шейх аш-шуйух әл-аллама Сайф ад-дин ас-Сайрами әл-Ханафи деген ұлы да болғандығы айтылады.

Сондай-ақ оның есімі Әбу-л Аббас Таки ад-дин Ахмед бин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Хасан Әли бин Йахия әл-Қустантини аш-Шумунни әл-Мисриге (1398-1468) байланысты да аталады. Деректерде аш-Шумуни дәріс алған ғұламалар ішінде Йахия бин Йусуф ас-Сайрами де бар.

Әбу Насыр әл-Фараби әлемге белгілі болса, ал қазақ жерінің ежелгі шаһарларының бірі Сайрамнан шыққан парасат иелерін жұрт әдетте біле бермейді. Сол себепті де осы ретте орайы келіп тұрған соң еңбектері Испанияның Эскуриал кітапханасынан табылған, XIV-XV ғасырларда өмір сүрген ағайынды Сайрамилер мен олардың ойпаз, қайраткер ұрпақтары туралы да араб тіліндегі бұлақ көздеріне сүйеніп сөз ете кетейік.

1. Ала ад-дин Әли ибн Ахмед ибн Мұхаммед ас-Сайрами. Бадр ад-дин әл-Айни (1361-1451) “Иқд әл-Джуман” атты еңбегінде Ала ад-дин (Әли ибн Ахмед ибн Мұхаммед) ас-Сайрами жайлы: “[нижраның] 788 жылының 3 раджабында – 1386 жылдың 31 шілдесінде ас-Сұлтан әл-Малик аз-Захир Барқұқ [Каирдегі] екі сарай арасындағы ғимарат құрлысын бітірді. Сұлтан оған сол жылдың

12 раджабында бейсенбіде зиярат етті. Онда оған қант пен лимон шырыны толтырылған үлкен шыныаяқ берілді.

Ол әлігі ғимаратқа (төрт) мазһаб үшін де, мұдаррис пен шейх аш-шуйух лауазымына лайық әл-имам әл-алим әл-аллама Ала ад-дин Әли Сайрамиді тағайындау үшін де келді. Ала ад-дин сондай-ақ Ханафи мударрисі лауазымын да алды. Сол күні шейх хұтба оқыды, ол онда өлеңмен сұлтан аз-Захир Әбу Саид Барқұқты (1382-1398) Құраннан көп дәйектеме келтіре отырып мадақтады, бата берді.

Бұл жиында әмірлер, қазылар, ғұламалар арасында маңызды кісілер де болды. Шейхқа сол күні сұлтан тарапынан оған дейін ешкім лайық болмаған көңіл аударылды. Сұлтан оның жайнамазын өзі тазалады, оған киімдер мен қашыр сыйлады.

Мұнда шейх аш-шуйух және ханафи шейхы ретінде бірінші болып Ала ад-дин ас-Сайрами және әл-хадис шейхы болған Маулана зада ас-Сайрами қызмет етті. Сонан соң аталмыш шейх Ала ад-дин медресе біткенше әл-Құдыс аш-шарифке [Иерусалимге] барып келуге сұлтаннан рұхсат сұрады. Сұлтан оған рұхсат берді.

Ол әл-Құдсқа жеткенде мен де қажылық жасау үшін сонда бардым. Мен [Умар] Шукри, ол шейх туралы естігенмін, бірақ оны көрмеген едім. [Сол себепті] мен онымен кездесуге ынтық болдым.

Кездескен соң оның ғылымды жақсы білетін, таңдаулы кісі екеніне көзім жетті. Кездесу кезінде ол маған өзімен бірге Мысырға барып, оның қызметінде болу жайлы ұсыныс жасалды. Бірақ олай ету менің жоспарымда жоқ болатын. Қажылық жасаған соң отаныма қайтқым келді. Бірақ ол, бұлай ету [үлкен кісілер] үшін керек деді. Соңыра бірақ мен отанымды және жақындарымды да қалдыруға шешім қабылдадым. Сөйтіп онымен Египетке аттандым. Біз Құдыста 10 күн болған соң, ұзамай Египетке келдік. Ол әлігі медресені тауып алды да, сонда жайғасты. Мен басқа жерге орналастым.

[Һижраның] 788 жылының 1 рамаданында – 1386 жылдың 29 қыркүйегінде ол маған хадим әл-худдам (қызметшілікті) ұсынды. Ол жұмыс маған лайық емес дедім. Ол бұл қызмет (оған) лайықты кісілер үшін [қажет] деді. (Ал) ол қызмет жеке мен үшін (ләзім). [Өйткені] Сен менің орынбасарым (наибымсың), медреседе менің атымнан хадиске қатысты барлық пәндер бойынша сабақ бересің деген соң осы шартқа мен келістім. Өйткені онымен қызметтестіктен көп пайда көрдім. Шейх қайтыс болғанға дейін міндетімді атқардым. Сонан соң кетейін деп едім, бірақ Шеркес әл-Халили уақытша бұрынғы қызметімде қалдырды,” дейді.

Бадр ад-дин әл-Айнидің “Иқ әл-джуманын” һижраның [Һижраның] 784-801 жылдар оқиғасымен баяндауды әрі қарай жалғастырған Иман Умар Шукри “790/1388 жылы қайтыс болғандар” деген тарауында:

“Біздің шейхымыз әл-Мадраса аз-Захирия әл-Барқукияның шейх аш-шуйухы Из-ад-дин ас-Сайрами Ала ад-дин Әбу-л Ала Ахмед ибн Мұхаммед ас-Сайрами әл-Ханафи қайтыс болды.

Ол әл-фиқһ және әл-усул бойынша илм әл-мағани уа-л баянның ерекше білгірі болатын. Ол ұлы шейхтарды тікелей танитын. Герат, Хорезм, Сарай, Қырым, Тебриз, Мысыр қалаларында пәтуа шығарып, сабақ берді,” – дейді.

Умар Шукри әрі қарай Ала ад-дин ас-Сайрамидің шығыс уалаяттарынан (Сайрам жақтан) келгенін айта отырып, оның біраз уақыт Мардинде тұрғанын, сонан кейін Шамға (Дамаскіге) қоныс аударғанын, одан Халабқа орныққанын, Халабтан оны Сұлтан әл-Малик аз-Захир Әбу Саид Барқұқтың Египетке сарайлар арасына салынған медресеге шақырып шейх аш-шуйух қызметіне тағайындағанын, содан оның дүниеден өткенше қызмет еткен деп еске алады.

Умар Шукри сондай-ақ оның Каирде [Һижраның] 790 жылының жұмада әл-аууал айының 3-де – 1388 жылдың 10 мамырында 70-тен өте қайтыс болғанына тоқталған. Оған жаназа намазы Каирдегі ан-Наср қақпасының сыртында оқылыпты. Намазды сұлтанның найбы Судун аш-Шайхуни оқыған. Ала ад-дин ас-Сайрами сонымен Қубба ан-Наср жолындағы Йунус ад-Дауад-ар зиратында жерленген,” деп еске алады.

Ол дүниеден өткен соң оның лауазымын інісі аш-шейх Сайф ад-дин ас-Сайрами (?-?) атқарады. Ол бұдан бұрын біраз уақыт Тебризде тұрса керек. (Тебризді) Ақсақ Темір қиратқан соң, ол қаланы талақ тастап, жанұясымен Халабқа (Сирияға) келген.

“Мен одан “эл-һидаһаның” үлкен бөлігін, “эл-Кашшафтың” бас жағын, Сағад ат-Тафтазанидың “Шарх ат-танкихын” “Баб әл-қийас” бөліміне дейін, сондай-ақ оның “Шарх ат-талхисын” тыңдадым.

Медреседе мен онымен алғашқы күннен ол қайтыс болғанға дейін бірге болдым. Бұл хрониканы көшірген – Египетке бауыры шейх Бадр ад-дин Махмудқа келген (катиб) Ахмед ибн Ахмед ибн Мұса әл-Айнтаби.

Оның орнына бұл лауазымға шейх Сайф ад-дин ас-Сайрами ие болды. Ол оған дейін біраз уақыт Тебризде тұрған еді. Ақсақ Темір (Тимур Ланг) шаһарды құлатқан соң, ол қаланы тастап, жанұясымен Халабқа келді.

– Әл-Маула әл-Фадил әл-аллама уа-л ұстаз әл-камил әл-фәһһама шейх әл-ислам **Ала ад-дин Әли ас-Сайрами**. Ол жайлы деректі Қырымдағы Кафа, (Кепе – қазіргі Феодосия) қаласының тумасы Махмуд ибн Сүлеймен әл-Кафауидің (?-1582/1583) “Катаиб аьлам әл-ахйар мин фукаха мазһаб ан-Нуғман әл-мұхтар” еңбегінен көрдік. Ол Ала ад-дин білім алған деп бірқатар Орта Азияның көрнекті ғылымдарын атаған. Солардың ішінде әуелі ас-сайид Джалал ад-дин әл-Гурланиді ауызға алады. Гурлани шейх әл-имам Хұсам ад-дин ас-Сығнақиден, ол шейх әл-имам Ала ад-дин Абд әл-Азиз әл-Бұхариден, ол “Кашфтың” авторынан [Әбу-л Қасым Замахшариден], ал ол шейх әл-кабир Хафиз ад-дил әл-Кабир әл-Бұхари Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Насрдан, ол шейх имам Шамс әл-аимма Мұхаммед ибн Абд ас-Саттар әл-Кердериден, ал “Әл-һидаһаның” авторы шейху-л ислам Бұрһан ад-дин (ибн) Әбу Бакр әл-Фарғаниден дәріс алған. Оның “әл-һидаһасынан” имам, ұстаз Ибн әл-Каттани оқыған. Ол туралы ибн әл-һумам “Фатх әл-қадир шарх әл-һидаһада” былай деген: “Мен “әл-һидаһаны” әл-һидаһаның қариы деген атпен белгілі мырзам, шейх әл-имам Сирадж ад-дин Умар әл-Каттаниден, ол ұлық шейхтардың бірі Ала ад-дин ас-Сайраמידен, ол өзінің шейхы, осы кітаптың түсіндірушісі Сайид ас-Сайрами, сондай-ақ әл-аллама Уаджиһ ад-дин ад-Дили және әл-аллама аз-захид әл-кабир Шамс ад-дин әл-Хатиб ад-Дилиден оқыдым. Алла оған рахым етсін, ол [һижраның] 790//1388 жылы қайтыс болды”, – дейді.


Тақи ад-дин Абд әл-Қадир ат-Тамими ад-Дари әл-Газзи әл-Мисри (?-1546-1547) **Ахмед ибн Мұхаммед Ала ад-дин ас-Сайрами** туралы “Ол отанында [Сайрамда] білім алды, сонда фикһ, методология, әл-мағани, әл-байан бойынша бір топ ғалымдардан кемеліне келгенше тағлым алды. Ол бірнеше қалаларда дәріс берді: Маридингке келіп, біраз сонда күн кешті. Сонан соң Халабқа барып, сонда тұрды. Аз-Захир Барқұқ [екі] сарай арасына медресесін салған кезде, оны өзіне шақырды. Ол [һижраның] 788/138-1387 жылы [Каирге] келді де сонда софы шейхы, ханафи мұдаррисі болып тағайындалды. Бұл [һижраның] сол жылы раджаб айының 12-де – 1386 жылдың 9 тамызында болған еді. Сонда ол өзінің Жаратушысының: “Айт, О Алла патшалық иесі” деген сөзін айтты. Сонан соң “әл-һидаһа” және өзге де кітаптар бойынша фикһ пен методологиядан сабақ берді.

Ибн Хаджар (әл-Асқалани – 1372-1449): “Біздің шейхымыз Изз ад-дин ибн Джамал оны суреттеудегі түсініктілігі мен кемелділігі үшін көтермелеп, жоғары бағалады. Ол одан өзге кітаптардан таба алмаған жайттерді тапқанын айтты” деген.

Ол әрқашан діндар, құдайдан қорқатын, көпшіл, кішіпейіл, өзіне-өзі риза емес, Жаратушының алдында өзін пақыр санағаны сонша, тіпті астмамен ауырып қалды. Сол аурудан ол [һижраның] 745 жылының джұмада әл-ула айының 3-де – 1393 жылдың 17 наурызында дүниесалды. Алла оған рахым етсін” деп жазған.

– **Ала ад-дин (Ахмед ибн Мұхаммед) ас-Сайрами әл-Ханафи** туралы “Зайл әл-джауаһир әл-мудийасында” ибн Тулун (?-1546) да жазған. Ол “Ахмад ибн Мұхаммед ас-Сайрами әл-Ханафи, Ала ад-дин Сарай, Қырым, Хорезм, Герат, Табриз, Каирде және басқа да қалаларда пәтуа шығарды. Ол және інісі Сайф ад-дин ас-Сайрами Сайрам қаласында туылған” дейді.

**2. Низам [ад-дин] ас-Сайрами (?-1430)** жайлы деректі ортағасырлық оқымысты Зайн ад-дин Әбу-л Фадл әл-Қасым ибн Құтлубұға ас-Судуни әл-Джамали әл-Мисри әл-Ханафидің (1399-1474) атақты “Тадж ат-тараджим” атты еңбегінен кездестірдік. Фикһ бойынша дәріс алған ұстаздарының бірі ретінде ол Низам [ад-дин] ас-Сайрамиді атаған. Низам [ад-дин] ас-Сайрамиден ибн Құтлубұға орта ғасырлық үлкен ғалым Бұрһан ад-дин әл-Марғинанидің (?-1197) “Китаб әл-һидаһа” атты еңбегінің бір бөлігін және ат-Тафтазанидің (?-1390) “әл-Мутаууал” атты шығармасын тыңдапты.



\*Ортағасырлық тарихшылар Низам ад-динді бірде Ала ад-диннің, енді бірде оның інісі Сайф ад-диннің баласы деп көрсеткен – Ә.Д.


– Бадр ад-дин әл-Айни “Иқд әл-джуманда” “**Низам [ад-дин] Йахия ибн аш-шейх Сайф ад-дин (Йусуф ибн Мұхаммед ибн Иса) ас-Сайрами** Каирдегі әл-Мадраса әл-Барқуқияның шейхы болған. Ол джумада ас-сани айының 17-де (1430 жылдың 13 наурызында) қайтыс болды. Оның жаназа намазы [Каирдегі] ан-Наср қақпасы маңында оқылды. Ол Каирге әкесімен бірге келген еді. Ал оны әкесі Ала ад-дин ас-Сайрамимен бірге сұлтан Барқұқ шақырған. Ол кезде ол жас болатын. [Һижраның] 810 жылының раби әл-аууал айында (1407 жылдың тамыз-қыркүйегінде) әкесі қайтыс болған соң, ол әкесінің орнына медресеге [басшы] болып тағайындалды. Ол дүниеден өткен соң біліміне қарап емес, аш-шауқа (кейбір кісілердің қалауы) бойынша, орнына баласы Адуд ад-дин Абд ар-Рахман тағайындалды”, - деп жазған.

– Абд ар-Раззақ Қармұт былай дейді: “Медресе әл-Барқуқияның шейхы **Низам ад-дин Йахия ибн аш-шейх Сайф ад-дин (Йусуф ибн Мұхаммед ибн Иса) ас-Сайрами** [Һижраның] 833-1429-1430 жылы қайтыс болды. Жұмада ас-сани айының 17-де сейсенбіде – 1430 жылдың 13 наурызынан ол дүниеден өткеннен кейін [Каир] сыртындағы ан-Наср қақпасы маңында жаназа намазы оқылды. Каирге ол әкесі Ала ад-дин ас-Сайрамимен бірге келген. Әкесін Сұлтан Барқұқ өз медресесіне шақырған еді. Ол онда жас еді. [Һижраның] 810 жылының раби әл-аууалында – 1407 жылдың тамыз-қыркүйегінде әкесі қайтыс болды. Әкесінің орнына ол тағайындалды. Низам ад-дин қайтыс болған соң оның орнына баласы Адуд ад-дин Абд ар-Рахман ие болды. Бұл оның білімінің емес, соны қалаушылар арқасында болған еді.

**3. Абд ар-Рахман ибн Йахия ибн Йусуф ибн Мұхаммед ибн Иса шейх аш-шуйух Адуд ад-дин ибн шейх аш-шуйух әл-аллама Сайф ад-дин ас-Сайрами әл-Ханафи (1314-1475-1476).** Ол жайлы деректі Таки ад-дин әл-Газзи ат-Тамимидің “Ат-Табақат ас-санияа фи тараджим әл-ханафияа” атты еңбегінен оқимыз. Ол Абд ар-Рахман жайлы деректе әуелі оның қайтыс болған мерзімі деп Һижраның 880//1475-1476 жылын көрсеткен. Бұл мерзімді ол Джалал ад-дин ас-Суйутидің (1445-1505) “Ағйан әл-ағйан” деген шығармасынан кездестірген.

Абд ар-Рахман туралы мағлұмат сондай-ақ Ибн Тулунның (?-1546) “әл-Гураф әл-алайа фи тараджим мута’аххири әл-ханафияасында” да бар. Ибн Тулун Абд ар-Рахманды “Һижраның

713 жылы шаууал айының басында 1314 жылдың қаңтарында туылған” дейді де фикһ бойынша әкесі әл-аллама Әбу-л Аббас Таки ад-дин Ахмед аш-Шумунниден (1399-1468) дәріс алды. Қасиетті Құранды жаттап алды. Ғылыммен айналысып, әкесі дүние салған соң жоғарыда аталған шейхтардан оқыды. Медреседе жүріп сабақтарға деген құштарлығы оянды, фикһ, методолгия, араб тіліндегі пәндер, әл-мағани, әл-байан бойынша кемелділікке жетті. Зеректігі, таланттылығы, керемет жады, ептілігі, ақылы, көңілділігінің арқасында ол көптеген ғылым іздеушілерге (студенттерге) пайда келтірді. Ол діншіл де тақуа, құдайдан қорқатын, өте керек кезде болмаса билік басындағылармен сирек кездесті. Ол ханафит ғылымдар арасында атақтылардың бірі еді. Жылдар бойы пәтуа берді, одан көптеген ұлы ғұламалар дәріс алды. Жоғарыда көрсетілген мерзімде кенеттен қайтыс болды” деп жазады.



Әскуриал (Испания) кітапханасындағы Йахия бин Йусуф ас-Сайраמידің трактаты

4. Маулана зада ас-Сайрами жайлы деректер жоқтың қасы деуге болады. Ол туралы Бадр ад-дин әл-Айнидің “Иқд әл-джуманында” ғана бірер жол бар. Онда Бадр ад-дин әл-Айни Маулана Заде ас-Сайраמידі (XIV ғ.) тек атап қана кеткен. Кейбір деректерге қарағанда ол хадис саласының білгірі болған. [История Казахстана в арабских источниках III том. Алматы, 2006], [126-132, 145, 165-168, 179-180 беттер].

Ала ад-дин ас-Сайрами, Йахия ибн Йусуф ас-Сайрами және Адуд ад-дин ас-Сайрами де ислами әдебиеттерде аталады. Мысалы Ала ад-дин Садуд ад-дин Масуд бин Умар бин Абдулла әл-Ханафи ат-Тафтазанидің (1322-1390) шәкірттерінің бірі болса, Йахия бин Йусуфтан Әбу-л Аббас Таки ад-дин Ахмед бин Мұхаммед бин Мұхаммед Хасан бин Әли бин Йахия әл-Құстантини аш-Шумунни әл-Қаһири әл-Мисри (1399-1468) ілім алған, Адуд ад-дин ас-Сайрами Әбу-л Йусуф Бадр ад-дин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Мұхаммед бин Халил (әл-Гарс) әл-Қаһири әл-Мисриден (1429-1489) тағлым үйренген.

Бадр ад-дин әл-Айни, Таки ад-дин Абд әл-Қадыр әл-Мысри, Ибн Тулун, Ибн Құтлубұға, Махмуд ибн Сүлеймен әл-Кафауи секілді араб пен түріктердің білгір де білікті, көрнекті тарихшы,



шежірешілері қазақ елінің ежелгі қаласы Сайрамнан шыққан Сайрамитер мен олардың ұлдарын да жоғары бағалап, көтере сыпаттай еске алуы тектен тек емес.

Бадр ад-дин Ала ад-дин Сайрамиті Мыср сұлтаны Барқұқтың өзі салған медресесінің шайқылар шайқы, мұдаррис етуге басқа-басқа емес, тек соларды таңдауы, оларды фикһ пен усул және пәтуа һәм өзге де ғылым түрлері бойынша үздік деп тануы көп жайдан хабар береді. Тіпті Ала ад-дин қайтыс болғанда оның жаназасын сұлтан орынбасарының оқуы ше? Ала ад-дин қайтыс болған соң оның орнына інісі Сайф ад-диннің тағайындалуы да жайдан жай емес. Яғни Ала ад-диннің інісі де ілім, білімі жағынан ағасынан кем болмаған. Сайф ад-дин атақты Әбу-л Қасым аз-Земахшари, Сағад ат-Тафтазани секілді ұлағатты ілімгерлердің шығармаларын басқалардан гөрі жақсы білген.

Араб қаламгерлері Орта Азиялық тарихшы, ірі ғалымдар Джалал ад-дин Гурлани, Сыр бойының шынары Хұсам ад-дин Сығнақи, Бұхаралық Хафиз ад-дин әл-Бұхари, имамдар шамшырағы деп танылған Мұхаммед Абд ас-Саттар әл-Кердери және т.б. атай отырып, осы тізімнің бас жағына Ала ад-дин ас-Сайрамиті бостан-босқа қоймаған.

Сайрамиті бабаларымыздың ізбасарлары Низам ад-дин ас-Сайрамиті мен оның баласы Абд ар-Рахман (Адуд ад-дин) ас-Сайрамитер де ата, әкелеріне тартып, білімді, парасатты азаматтар болған.

Ала ад-дин ас-Сайрамиті жайлы айтқанда арабтың аталмыш тарихшылары оған әл-алим (ғалым), әл-аллама (даңқты ғалым), мұдаррис әл-ханафийа (ханафи мазһабының ұстазы), шейх әл-хадис (хадистің шейхы [білгірі]), әл-байан (сыпаттау), әл-фикһ (мұсылман заңы), әл-усул (ғылым негізі) деген эпитеттер беріп, оларды сондай құрметті эпитеттермен атауы, олардың содан құрметтерге лайық болуынан деп ойлаймыз.

Осыған қарап қазақ жері қалаларының моңғол шапқыншылығынан соң XIV-XV ғасырларда да өз маңызын жоғалтпаған деуге болады. Осындай бабалармен бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның ұландары мақтануы керек.

Сайрамитер демекші орта ғасырларда мамлюктер және ислам білім, ғылымы, мәдениетінің орталығы болған Каирге 2000-2013 жылдары халықаралық діни конференцияларға барған сайын жиын арасында атақты әл-Азһар университеті маңындағы ескі махаллаларды аралап, кезінде Бейбарыс бабамыз (1217-1277) салдырған мешіт пен медресені, ханакаларды көріп, бабалар ізімен талай жүріп едім.

20 млн-дай халқы бар Каирдың бір ауданы қазір Сұлтан ағзам аз-Заһир Бейбарыс атамиздың атымен аталады.

Бейбарыс медресесін XIII-XIV ғасырларда Тараздық үлкен ғылым Һибатулла ат-Тарази (1272-1233) басқарғаны белгілі. Сөйтсек Тарази, Түркістани, Иқани, әл-Фарабитерден басқа, мұнда Сайрамиті атты бабаларымыз да тұрған екен және олардың бәрі де халық пен биліктің де үлкен құрметіне бөленген.

Каирге Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) де ат ізін салған деген деректер бар.

Сайрамитердің жаназа намаздарының Наср қақпасы маңында оқылғандығын айттым. Насыр қақпасы қазір де бар. Ол кездері қақпа Каирдың солтүстік шеті болса керек. Қазір қақпаның ту сыртынан даңғыл жол өтуде. Оның арғы беті үлкен зират. Һибатулла бабаның сол зиратта жерленгенін білген соң, оны сол жақтан іздегенмін. Сөйтсек онда Сайрамиті бабалар да жерленген екен.

Жалпы ортағасырларда Египет пен Шам жұртында өмір сүріп, онда ізгілікті із қалдырған қазақ жерінің перзенттері аз емес.

Бейбарыс (1217-1277) мешітінен онша қашық емес әл-Худайри көшесіндегі ас-Сұргамишия медресесіне бір кездері Түркістан маңындағы Иқан селосының тумасы Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357) де басшылық еткен.

Сөйтіп Египет пен Шам елі және Бағдад пен Басра шаһарларын да ежелгі мәдениет ошақтары десек, ол мәдениетте біздің Сайрамиті, Тарази (1272-1333), әл-Фараби (870-980), Түркістани, Сығнақи (1240-1317) Женди бабаларымыздың да қосқан мол үлесі бар.

Сонымен Испаниядан табылған бабалар мұрасымен таныстыру үшін Мадридтегі елшілігіміздің 1-хатшысын шақырдым. Ол аталған шығармаларды көзімен көріп, қолымен ұстады. Кітапхана директорынан маған олардың көшірмелерін жасап беруді өтінді.

Ал, Эскуриал және Мадридтің ұлттық кітапханасында да Әбу Насыр әл-Фарабидің “Музыканың үлкен кітабы” атты белгілі еңбегі және Отырарлық тағы бір оқымысты әл-Джауһари әл-

Фарабидің (?-1008) (Әбу Наср Исмайыл бин Хаммад (?-1003)) “Ас-Сихах” (“Тадж әл-лұға уа сихах әл-арабийа”) атты араб тілі мәселесіне арналған еңбегінің қолжазбаларын көрдім.

Бұл екеуінің аталмыш дүниелерін 2013 жылы Стамбұлдағы Сүлеймания кітапханасынан алып келгендіктен және олардың менде кітаби нұсқасы болғандықтан көшірмесін жасатуды қажет етпедім.

Есесіне Мадридтегі ұлттық кітапханадан Голландия астанасы Амстердамда 1966 жылы жарияланған неміс шығыстанушысы-арабист, библиограф Морис Штейншнейдердің (1816-1907) “Әл-Фараби” атты монографиясының көшірмесін түсіртіп алдым. (Moritz Steinschneider, Al-Farabi (Alpharabius) des Arabischen Philosophen Leben und Schriften, Amsterdam 1966).

М. Штейншнейдер ортағасырлық Ибн Саид әл-Қифти мен Ибн Әби Үсайбиғаға сүйене отырып Әбу Насырдың 103 трактаттарының атын атаған. Ол осысымен де құнды.

Шынында да, Испанияның Андалусия өлкесінде ислам өркениетінің үлкен ізі қалған. Ол жерде ислам мәдениетіне де қызығушылық, құштарлық биік деңгейде еді. Ол жайлы академик И.Ю. Крачковский (1883-1950): “Арабтардың Испанияны жаулап алуының нәтижесінде араб тілі осы елдің дәулеттілер ортасының әдеби тіліне айналды. Бұл ретте айта кетер жайт – Испанияны арабтар алғанға дейін дүнияуи әдебиет онда болған жоқ. Қолданыстағы латын тіліндегі кітаптар тек діни сарында ғана еді. Сауаттылық діни ортаға ғана тиесілі-тін. Сол себепті де арабтардың жаулап алуынан кейін 100 жыл өткенде, IX ғасырда, Кордова қаласының епископы былай деп жазды: “Менің діндестерімнің көпшілігі арабтардың өлеңдері мен ертегілерін оларды жоққа шығару үшін емес, керісінше осы тілде дұрыс та шебер сөйлеу үшін зерделейді. Латын тілінде оқып, қасиетті жазбаларға түсіндірме жасай алатын бірер адамның өзін табудың өзі қиын болып барады. Олардың арасында “Інжілді”, елшілер мен сахабаларды оқытындар бар ма? Өкінішке орай христиан жастарының ішінде таланттылығымен көрінгендер тек қана арабтардың тілі мен әдебиетін ғана біледі, араб тіліндегі кітаптарға қызыға қарап, зерделегені, өз тілдерін ұмытқаны сонша, латын тілінде аз-мұздап досына хат жаза алатындардың жүзден біреуі табылар ма екен? Керісінше араб тілінде жоғары деңгейде сөйлей алатындар мен осы тілде әдемі өлең жаза алатындар арабтардың өздерінен де көп” деп күйіне айтқанын келтіреді.

Арабтар Испанияға үлкен өркениет, мәдениет әкелген, кезінде испандықтар ислам мәдениетіне қатты қызыққан. Арабтар Андалусияға қалалар, қамалдар, ғажайып ғимарттар салып елді көркейтті, сонымен қатар, көптеген жазба дүниелер қалдырды. Өкінішке орай испандықтар Андалусияны арабтардан тартып алған соң (1492 ж.) араб тіліндегі 20 мың қолжазбаны өртеді деген де жазба дерек бар. Оны испандық оқымыстылардың өздері де жасырмайды.

Эскуриал кітапханасынан “Ислам энциклопедиясының” соңғы басылымын да көрдім. Оның толықтырылған жаңа нұсқасын шығару 1977 жылы басталып, 2007 жылы аяқталыпты. Барлығы 12 том. Кейбір томдар 1000 беттен асады. “Ислам энциклопедиясы” Голландияның Лейден – Брил қаласында әрбір 30 жыл сайын ағылшын, неміс, француз тілдерінде шығып тұрады. Ескірді деп есептелген мақалалар жаңа зерттеулермен толықтырылып отырылады. Оған автор ретінде белгілі ғалымдар ғана тартылады және басуға ұсынылар дүниелер тың материалдарға сүйеніп жазылуы талап етіледі. Тексеріс, сүзілістен өтпеген мақалалар кітапқа кіргізілмейді. Энциклопедияның бұрынғы басылымдарында Қазақстанға жеке мақала берілмейтін. Бұл жолы тәуелсіз жұртымызға жеке мақала арналыпты. Авторы жапон тарихшысы Уяма Томокихо.


“Ислам энциклопедиясындағы” бізді қызықтырғаны Фараб және Отырардан шыққан ғалымдарға арналған материалдар еді. Энциклопедияда Отырарға (авторы W. Bazthold [B. Spaler]) және одан шыққан Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабиге (R. Walzer), Әбу Насыр Исмайыл бин Хаммад әл-Фарабиге (L. Kopf), Әбу Ибраһим Исхак бин Ибраһим әл-Фарабиге (H. Fleisgh) және Жетісулық Жамал Қаршиге (P. Jaokson), қалалардан Тараз (G.E. Bosworth), Женд (G.E. Bosworth) секілді шаһарларға да жеке-жеке құнды да тың материалдар пайдаланылып жазылған мақалалар беріліпті.

Айта кетер жайт “Ислам энциклопедиясы” кез-келген ел кітапханаларында бола бермейді. Оны алу үшін көлемді шет ел валютасы қажет.

Испаниядан Әбу Насыр әл-Фарабидің төмендегі 10 трактаты екі Сайраמידің шығармалары мен аталмыш М. Штейншнейдердің (1816-1907) де неміс тіліндегі әл-Фараби атты зерттеуін елге жеткіздім:

#### 1. Китаб тағлиқ исагуджи ала фурфуриус

2. Ард Әби Наср фи китаб Барирминийас
3. Китаб әл-ибда
4. Китаб Әби Наср фи-л қийас
5. Иртийа фи Китаб ат-тахлил
6. Калам ала аууал китаб әл-бурхан ли Әби Бакр бин Йахиа
7. Қаул әби Бакр Мұхаммед бин Йахия Китаб әл-Бурхан
8. Шарх Садр әл-мақала әл-аууал бин китаб Иқлидис ли-Абу Наср Мұхаммед бин Мұхаммед әл-Фараби
9. Шарх әл-мақала әл-халлис минһу ли-Аби Наср айдан
10. Китаб әл-мақулат
11. [Низам ад-дин] Йахия бин Йусуф [Сайф ад-дин әл-Мисри әл-Ханафи] ас-Сайрами. Китаб Хашия әл –Мутаууал ли-шейх.
12. Ала ад-дин ас-Сайрами. Ас-Саккакидің “Мифтах әл-улумына түсіндірме”.
13. Moritz Steinschneider. Al-Farabi (Alpharabius) des Arabischen Philosophen Leben und Schrifftin. Amsterdam 1996, 268 p.



Ал Испанияның ұлттық кітапханасындағы 627 қолжазба атақты Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) (поэзиясына) қатысты боп шықты.

Иссапардың нәтижелі болуына көрсеткен көмегі үшін Қазақстанның Мароккодағы төтенше және өкілетті елшісі Берік Сақбайұлы Арынов пен Испаниядағы төтенше және өкілетті елшісі Бақыт Амангелдіұлы Дүйсенбаев мырзаларға ризашылық білдірдім келеді.

Қазақ жері рухани, мәдени жазба және материалдық мұраларға бай болған. Орта ғасырларда еліміздің әсіресе оңтүстігінде Баласағұн, Тараз, Шелжі, Жікіл, Исфиджаб-әл-Байда-Сайрам, Манкент, Отырар, Сүткент, Түркістан, Баладж, Сауран, Сығнақ, Қыпшақ, Аркөк, Асанас, Женд секілді үлкенді-кішілі шаһарлары, қорғандар мен қамалдары болды. Олар қадери халінше мәдени, ғылыми орталық қызметін де атқарды. Онда талай ойшылдар, кемеңгерлер, даналар, ғылымдар тұрып, құнды шығармалар туындатты. Өкінішке орай түрлі жылдар мен ғасырлар, кезеңдерде ол дүниелер жан-жаққа шашырап кетті немесе жоғалды.

Мен тауып әкелген, көрсеткен жазба дүниелер солардың қаламынан туған, солардан қалған немесе солар жайлы жазылған еңбектер.

Олар орыс, қазақ тілдеріне аударылып, зерттелсе ұлтымыздың шынайы тарихын байытуға және 2015 жылы қазақ мемлекеттілігінің құрылғанына 550 жыл толуына байланысты жазылар, зерттелер жобаларға көмегі тиері сөзсіз. Сол үшін оларды ғылыми айналуға кіргізе беру қажет. Сондай-ақ мұндай дүниелер:

- Қазақстанның ортағасырлық кезеңдеріндегі тарихын жаңа материалдармен байытады.
- Жоғары және арнаулы орта білім оқушыларына арналған оқулықтар мен оқу құралдарына Қазақстанның осындай ортағасырлық ғұламалары мен олардың еңбектерін кіргізе беру қажет.
- Даланың ортағасырлық ғұламалары мен ойшылдарының шығармаларынан антология құрастыру керек.
- Олардың шығармаларын насихаттау және зерттеуге арналған халықаралық ғылыми теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар өткізу ләзім.
- Магистрлер мен Phd докторларына үміткерлер жазатын ғылыми жұмыстар мен диссертацияларға олардың өмірі мен шығармашылығына арналған тақырыптар ұсыну керек.

## **НАШИ РЕЛИКВИИ ИЗ МАРОККО И ИСПАНИИ**

**А. Б. Дербисали**

Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова КН МОН РК, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** средневековые города Казахстана, мыслители средневекового Казахстана, исторические источники.

**Аннотация.** В статье автор описывает результат своей командировки в Марокко и Испанию. Казахские земли были богаты духовным, культурным, письменным и материальным наследием. В средние века на нашей земле, в частности, на юге были возведены такие укрепленные крепости в виде больших и малых городов, как Баласагун, Тараз, Шелжи, Жикил, Исфиджаб-ал-Байда-Сайрам, Манкент, Отырар, Суткент, Туркистан, Баладж, Сауран, Сыгнак, Кыпшақ, Аркок, Асанас, Женд.

Они выполняли культурную и научную деятельность центра. Здесь проживало большое количество мыслителей, уникалов, мудрецов и ученых, которые оставили свои бесценные сочинения. Однако, к большому сожалению, в течение веков и тысячелетий, в разные периоды истории ценные исторические источники были утрачены.

Автор обнаружил и привез некоторые из вышеназванных письменных источников и трудов средневековых мыслителей Казахстана.

*Поступила 12.01.2015г.*